

## Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 54 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 қазанда № 6672 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2018 жылғы 4 мамырдағы № 253 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 04.05.2018 № 253 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес және Рудный қаласының жерлерін аймақтарға бөлу сұлбасының негізінде мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету жүзеге асырылсын.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386-бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.

2. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрағасы*

*М. Мамонтова*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*В. Лощинин*

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қостанай облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің Рудный қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы  
----- С. Узакбаев  
Рудный қаласы әкімдігінің

"Рудный қалалық жер қатынастары  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Н. Рак

Мәслихаттың  
2016 жылғы 27 қыркүйектегі  
№ 54 шешіміне қосымша

**Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету**

Бағалау аймақтың нөмірі	Жер салығының базалық мөлшерлемелерін төмендету (–) немесе жоғарылату (+) пайыздары
1	+50
2	+30
3	+20
4	0
5	–30